


Көміртек моноксиді
Этанол
Палладийдің (II) дихлорбис(трифенилфосфині)
Трифенилфосфин
Автоклав типті лабораториялық қондырғы
Фракциялауға арналған қондырғы [Фаворский колбасы (10 мл), Либих салқындатқышы, өрмекші, қабылдағыш колбалар]
ИРФ-22 рефрактометрi
«Satellite-FTIR» спектрометрi (Mattson фирмасы)
ГС-хроматограф ЛХМ-72

Болат автоклавқа 0,243 г ($3,46 \cdot 10^{-4}$ моль) $\text{PdCl}_2(\text{PPh}_3)_2$, 0,364 г ($1,38 \cdot 10^{-3}$ моль) PPh_3 және 7,0 г (0,15 моль) этанолды салады. Автоклавты герметизациялайды, оның ішіндегі ауаны шығару үшін екі рет көміртек моноксидімен үрлейді, ал одан кейін көміртек моноксидімен 10-11 атм қысымға дейін толтырады. Одан соң 10,68 г (0,19 моль) изобутиленді жібереді және қысымды 20 атм дейін көміртек моноксидімен жеткізеді. Осы қысымда және 100°C температурада реакциялық қоспаны 4 сағат бойы араластырады. Содан кейін бөлме температурасына дейін суытып, түнге қалдырады. Келесі күні абайлап, қысымды атмосфералыққа дейін түсіреді, реакциялық қоспаны декантациялап, құйып алады және атмосфералық қысымда фракциялайды. 1,91 г (9,8%) этилизовалерат алынады, қ.т. 128- 130°C ; n_D^{20} 1,3963.

3.2.3. $\text{PdCl}_2(\text{PPh}_3)_2$ -*n*-TsOH жүйесі қатысында изобутиленді көміртек моноксиді және этанолмен гидроэтерификациялау арқылы этилизовалератты синтездеу



Қажетті реактивтер, ыдыстар мен аспаптар:

Изобутилен
Көміртек моноксиді
Этанол
Палладийдің (II) дихлорбис(трифенилфосфині)
n-Толуолсульфоқышқылы
Автоклав типті лабораториялық қондырғы
Фракциялауға арналған қондырғы [Фаворский колбасы (10 мл), Либих салқындатқышы, өрмекші, қабылдағыш колбалар]
ИРФ-22 рефрактометрi
«Satellite-FTIR» спектрометрi (Mattson фирмасы)
ГС-хроматограф ЛХМ-72